



«БЕКІТЕМІН»

ДПҚБД ШҚ ФӘ «Дарын»

орталығының директоры

Г. Рахимжанова

2025 жыл

8-11(12) сынып оқушыларына арналған шығармашыл оқушылар арасындағы «Ақберен» республикалық өнер байқауының облыстық кезеңінің ережесі

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже шығармашыл оқушылар арасындағы «Ақберен» республикалық өнер байқауының облыстық кезеңінің (бұдан әрі – Байқау) мақсаты мен міндеттерін, үйымдастырушылық – әдістемелік қызметінің қамтамасыздандырылуын, өткізу мен қаржыландыру тәртібін, қатысуын және женімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау тәртібін белгілейді.

2. ШҚО білім басқармасы, дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың Шығыс Қазақстан ғылыми-әдістемелік – «Дарын» орталығы (бұдан әрі – ДПҚБДШҚФӘ «Дарын») болып табылады.

3. Байқаудың мақсаты мен міндеті: 8-11(12) сыныптың шығармашыл оқушыларының гуманитарлық-эстетикалық ғылымдар саласында кәсіптік қызметін тандауда шығармашылық қабілетін, өлең жазуын, тапқырлық қырын, дарынын танытуға қолдау көрсетіп, ары қарай дамуына жол ашу.

II. Қатысушылар

1. Байқауға облыстағы жалпы білім беретін мектептердің 8-11(12) сыныптарындағы шығармашыл оқушылар 6 номинация бойынша қатысып, аудандық, қалалық кезеңде женімпаз атанған 6 оқушы (әр номинацияға – 1 оқушы) қатыса алады.

III. Үйымдастыру және өткізу тәртібі

1. Байқау үш кезеңнен тұрады:

I кезең – аудандық;

II кезең – облыстық;

III кезең – республикалық.

2. Байқау 6 номинация бойынша өтеді:

1) Шешендік, білгірлік сайысы;

2) Көркемсөз оқу;

3) Эссе жазу;

4) Ұлттық аспапта өнер көрсету;

5) Ақындар айтисы;

6) Ақындар мүшәйрасы.

3. Байқауды өткізу барысын қадағалау және ұйымдастыру жұмысының дайындығын іске асыру үшін облыстық ұйымдастыру комитеті құрылады.

4. Ұйымдастыру комитеті Байқаудың қорытынды кезеңінің өткізілу орнын белгілеп, дайындық жұмыстарын жүргізуге тікелей басшылық етеді. Қазылар алқасының құрамын, байқаудың өткізу бағдарламасын, қатысушылардың тізімін бекітіп, женімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайтын.

5. Қазылар алқасының құрамына жоғарғы оку орындарының ғалымдары, білім беру үйімдарының мамандары, қаламгерлер кіреді.

6. Қазылар алқасы қатысушылардың өнерін, шеберлігін, тапқырлығын 10 балдық жүйемен бағалайды, талдау жасайды, байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сараптап, ұйымдастыру комитетіне тізімін ұсынады.

7. Аудандық, қалалық өздерінің іріктеу нәтижесінде ережеде көрсетілген әр номинация бойынша команда жасақтауы тиіс.

8. Номинациялар бойынша сайыстарды өткізу тәртібі:

1) Шешендік, білгілік сайысы номинациясы бойынша екі команда өкілі қазылар алқасы тарапынан қойылған сұрақтарға жауап береді (әр қатысушыға 3 сұрақтан беріледі). Сондай-ақ, қазылар тарапынан берілген тақырыпқа ой толғайды (сұраққа жауап беруді қосқанда әр қатысушыға барлығы 5-7 минут). Сұрақтар ішінде мақал-мәтелдер, жұмбақтар да болады. Жұмбақты шешу, мақал-мәтелдерді білу – білгілікке қойылар талаптың бірі.

2) Көркемсөз оку номинациясы бойынша Байқауға қатысушы өзі таңдаған шығармадан үзінді оқиды (5-7 минут). Үзінділер белгілі жазушылардың, ақындардың, драматургтердің, яғни, көрнекті әдебиет классиктерінің шығармаларынан алынуы міндетті. Бір шығарма екінші рет қайталанбауы ескерілуі керек. Сондықтан, қатысушы кем дегенде үш шығармадан үзіндіге дайындалады. Өзінен бұрын оқылған шығарма болса, онда өзі дайындаған басқа шығарманы оқиды.

3) Эссе жазу номинациясы бойынша қазылар алқасы тарапынан ұсынылған тақырыпқа эссе жазу (90 минут).

4) Үлттық аспапта өнер көрсету номинациясы бойынша өзі дайындаған бір шығарманы (ән, күй) үлттық аспапта орындаиды. Бір орындалған өнер туындысының екінші рет қайталанбауы ескерілуі керек. Сондықтан, қатысушы кем дегенде үш (ән, күй) өнер туындысына дайын келуі тиіс. Өзінен бұрын орындалған ән - күйді қайталамай, өзі дайындалап келген басқа ән-күйді орындауы керек.

5) Ақындар айттысы номинациясы бойынша оқушының ақындыққа бейімділігі, тапқырлығы, сөз көркемдігі, тақырыпты аша білуі, орындаушылық шеберлігі, сұрып салмалық (импровизаторлық) қабілеті басты назарға алынады.

6) Ақындар мүшәйрасы номинациясы бойынша әр қатысушы өз шығармашылығынан 3 (үш) өлеңді қазылар алқасына ұсынады. 1 (бір) өлеңді жатқа оқып береді. Қатысушыға белгілі бір тақырыпта 2 шумақтан тұратын өлең шығаруға 30 минут уақыт беріледі, шығарылған өлеңдерін қазылар алқасы жинап алып бағалайды.

Ескерту: Өлеңнің көркемдігі, оқушының ақындық қабілеті ескеріледі. Кітапша түрінде, жинақ түрінде керек емес.

IV. Бағалау критерийлері

1. Байқаудың қатысушыларын бағалау қазылар алқасы мүшелері тарапынан жүргізіледі. Жұлдегерлер қазылар алқасының шешімімен анықталады.
2. Жалпы бағалау 10 (он) үпайлық жүйемен есептеледі. Ерекше өнер көрсеткен қатысушылар марапатталады. Соңынан есеп шығарылып, орындар анықталады.
3. Шешендік, білгірлік сайысы номинациясы бойынша окушының шешендік сөздердің тарихын, би-шешендердің мұрасын, мақал-мәтедер мен жұмбақтарды жетік білуі, қойылған сұрақтарға дәл әрі нақты жауап беруі, дұрыс, кисынды, орынды сөйлеуі бағаланады. Қазылар тарапынан ұсынылған тақырыпқа шешендік ой толғауда шешеніндігі, бұрынғы шешендік дәстүрді тұтынуы назарға алынады. Шешендік сайыс бойынша ұсынылатын тақырыптар жыл сайын өзгеріліп (1-ші қосымшада) берілетін болады.
4. Көркем сөз оқу номинациясы бойынша берілген шығарманы оқу мәнері бағаланады. Белгілі ақын-жазушылардың шығармаларын оқу талап етіледі. Ұлы Абайдың өлеңдері мен қарасөздері және Абай туралы көрнекті қаламгерлер шығармаларын қамту ескеріледі. Сондай-ақ, Республика, ЮНЕСКО көлемінде мерейтойлары тойлану үстіндегі қаламгерлер шығармашылығы да қамтылуы керек (А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, С. Шаймерденов). Бір шығарма екінші рет қайталап оқылмауы шарт. Ол үшін, осы номинация бойынша сайысқа түсетін окушы екі-үш қаламгер шығармашылығынан дайындалып келуі керек.
5. Эссе жазу номинациясы бойынша тақырыпты ашу тереңдігі, мазмұны, сауаттылығы, әдеби мәліметтерді орнымен пайдалануы бағаланады.
6. Ұлттық аспапта ойнау номинациясы бойынша өнері мен орындау шеберлігі бағаланады. Әр қатысушы өзінен бұрын орындалған шығарманы қайталамауы шарт. Ол үшін осы номинация бойынша сайысқа түсетін окушы екі-үш өнер туындысын дайындалу керек.
7. Ақындар айттысы номинациясы бойынша сұрыпсалмалық өнері, ой толғауы, жауап қайтаруы, тапқырлығы бағаланады.
8. Ақындар мүшәйрасы номинациясы бойынша елеңнің көркемдігі, тілі, мазмұны, поэтикалық ерекшелігі, қатысушының ақындық қабілеті мен талабы бағаланады.

Байқаудың облыстық кезеңі **2025 жылдың 15 қазанында** Өскемен қаласында өткізіледі. Облыстық кезеңге қатысу үшін сұранысты ережеге сай ұйымдастыру комитетіне **2025 жылдың 8 қазанына дейін** konkurs.vko@mail.ru электронды поштасына жіберулерінізді сұраймыз.

Сұраныс үлгісі:

№	Окушының аты-жөні	Қаласы, ауданы	Мектебі	Сыныбы	Номинациясы	Дайындаған мұғалімнің аты-жөні (толығымен), жұмыс орны, байланыс телефоны

V. Қорытындылау және марапаттау

5.1. Байқаудың жеңімпаздары әр бағыт бойынша Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының I, II, III дәрежелі дипломдарымен және ДпҚББДШҚФӘ «Дарын» орталығының грамоталарымен марапатталады. Командалық 1, 2 және 3 орын алған топқа командалық дипломдар табысталады Барлық қатысушыларға қатысқаны үшін сертификаттар беріледі.

VI. Байқауды қаржыландыру

6.1. Байқауды қаржыландыру бекітілген сметаға сәйкес ДпҚББДШҚФӘО «Дарын» орталығы есебінен жүзеге асырылады.

6.2. Облыстық кезеңге қатысушылар мен жетекшілердің іссапар шығындары (келу - қайту жолы, жататын орны мен тамақтануы) жіберуші жақ есебінен төленеді.

**Шешендік номинациясы бойынша
ұсынылатын тақырыптар мен сұрақтар жиынтығы**

1. Шешендік өнер – қазақ руханиятының айнасы
2. Сөз қадірін білгей халық – елдігін сақтайды
3. Жастарға шешендік өнердің тәрбиелік мәні
4. Би-шешендер мұрасындағы бірлік тақырыбы
5. Ел басқарудағы шешендіктің рөлі
6. Дау-дамайды шешудегі әділ сөздің күші
7. Шешендік пен суырыпсалмалық дәстүрдің сабактастығы
8. Тарихи тұлғалардың халыққа әсер еткен шешендік сөздері
9. Әйел шешендердің (Домалак ана, Зарина, т.б.) рөлі
10. Шешендік өнердің ұлттық бірлікті сақтаудағы маңызы
11. Қазақтың отбасылық салт-дәстүрлеріндегі шешендік үлгілері
12. Той-мерекелерде айтылатын бата сөздер – шешендік мәдениет үлгісі
13. Шешендік сөздердегі әділдік пен ақиқат ұғымдары
14. Жауынгерлік дәуірдегі ұран сөздер мен шешендік
15. Дипломатиядағы шешендік өнердің рөлі
16. Қазақ шешендігіндегі астарлы сөздер мен метафоралар
17. Баланы тәрбиелеудегі мақал-мәтелдердің шешендік мәні
18. Халықты рухтандырған шешендік сөздер (батырлар жырындағы үлгілер)
19. Шешендік өнердің түркі халықтарындағы ұқсастықтары
20. Жаңа дәуірдегі шешендік – саясаттағы шешендер
21. БАҚ-тағы шешендік: журналистер мен тележүргізушілердің сөз мәдениеті
22. Саяси шешендік пен көсемсөз дәстүрі
23. Қазіргі қоғамдағы шешендік өнердің қажеттілігі
24. Өлеуметтік желідегі шешендік пен сөз мәдениеті
25. Жастар арасындағы шешендік сайыстарының маңызы